

Бұлақсай ауылы, Қостомар селосы, Ақжар селоларының көшелеріне жаңа атаулар беру туралы

Ақмола облысы Аршалы ауданы Бұлақсай ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 30 сәуірдегі № 40 шешімі. Ақмола облысы Аршалы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 10 маусымда № 1-4-145 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабы 4 тармағына сәйкес және ауылдық округ тұрғындары жиналысының 2009 жылғы 25 сәуірдегі хаттамасын есепке ала отырып, Бұлақсай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ**
Е Т Е Д І :

1. Бұлақсай ауылындағы келесі көшелерге жаңа төмендегі атаулар берілсін: № 1 көшесіне – Тың игерушілер атауы, № 2 көшесіне - Абай атауы, № 3 көшесіне - С.Сейфуллин атауы, № 4 көшесіне - Д.Б.Тналина атауы, №5 көшесіне - Оқжетпес атауы, №6 көшесіне - Астана атауы, № 7 көшесіне – М. Мақатаев атауы, № 8 көшесіне - Сары-Арқа атауы, № 9 көшесіне - Бөгенбай атауы берілсін.

Қостомар селосындағы келесі көшелерге төмендегі жаңа атаулар берілсін: № 1 көшесіне – Д. Қонаев атауы, № 2 көшесіне - Құрманғазы атауы, № 3 көшесіне - Қ. С а т п а е в а т а у ы б е р і л с і н .

Ақжар селосындағы келесі көшелерге төмендегі жаңа атаулар берілсін: № 1 көшесіне – М. Әуезов атауы, № 2 көшесіне - Құрманғазы атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз жауапкершілігіме аламын.

3. Аталмыш шешім Аршалы аудандық Әділет басқармасында тіркеуден өткен соң, ақпарат құралдарында бірінші рет жарияланғаннан кейін күшіне енеді.

Б ұ л а қ с а й а у ы л д ы қ
округінің әкімі *Т. Құдабеков*